


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ТЕМІРЖОЛ ӨНІМДЕРІН ОҚШАУЛАУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУ АЯСЫНДА КОМПАНИЯ ТЕМІРЖОЛ КОМПОНЕНТТЕРІНІҢ НЕГІЗГІ НОМЕНКЛАТУРАСЫНА ҚАТЫСТЫ ИМПОРТТЫ АЛМАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ БОЙЫНША ЖҰМЫС КЕЗДЕСУЛЕРІН ӨТКІЗІП КЕЛЕДІ. ҚҰРАМДАС БӨЛШЕКТЕРДІ ӨНДІРУШІЛЕРМЕН КООПЕРАЦИЯНЫ КҮШЕЙТУ АРҚЫЛЫ БАРЫНША ЛОКАЛИЗАЦИЯЛАУ МІНДЕТІ ҚОЙЫЛҒАН. КОМПАНИЯ МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ЖАҢА ТҮРЛЕРІН ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ ТЕМІРЖОЛ ӨНІМДЕРІН ПАЙДАЛАНУ СЫНАҚТАРЫН ЖҮРГІЗУ БОЙЫНША ТЕХНИКАЛЫҚ ШЕШІМДЕРДІ ҚАРАСТЫРУДА



Батыр КОТЫРЕВ,  
«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының бас инженері



№51 (2659)  
09/07/2021  
rail-news.kz

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

### БЕЙБІТ КҮННІҢ БАТЫРЫ

Елорда күні қарсаңындағы демалыс күндері «Жолаушылар тасымалы» АҚ техникалық саясат департаментінің бас менеджері Данияр Зият Серікұлы суға батып бара жатқан екі жасөспірімді құтқарып қалды. Осылайша, ұлттық компания қызметкерлері үшін басты ұстаным болып саналатын корпоративтік құндылықтарды бойына сіңірген теміржолшы жігіт ерлік жасап, өз ісімен көпке үлгі болды.

**Райхан РАХМЕТОВА,**  
Нұр-Сұлтан

Шымкент қаласының тумасы Данияр Серікұлы теміржол саласында жоғары білім алған соң еңбек жолын 2009 жылы «Жолаушылар тасымалы» компаниясының «Экспресс» филиалында бірінші санатты техник болып бастаған. Содан бері 12 жыл ішінде ол осы компанияда еңбек етіп келеді. Бүгінгі таңда жұмысын елордадағы бас ғимаратта жалғастыруда. Негізгі міндеті – пойыздардың отынмен жабдықталуы, оларды үнемдеу, жолаушылар пойыздарын қысқы және жазғы мезгілге дайындау, ша-

руашылықты әзірлеу, сол бағытта дайындықты тексеру, т.т. Салаға сіңірген еңбегі үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ және «Жолаушы тасымалы» АҚ басшылығы тарапынан бірнеше рет Құрмет грамоталарына ие болған, «Үздік маман» атағын иеленген.

Сол күнгі оқиғаға оралсақ, Есіл жағалауында кішкентай екі қызымен серуендеп жүрген Данияр көпір үстінен төменде 13-14 жастағы екі қыздың суға батып бара жатқанын көріп, ойланбастан оларды құтқаруға жүгіреді.

– Бұл қыздар өзеннің жиегі бірден тік құлама тұсында «Тик-ток» түсірмекші болған екен. Сол кезде жағасында саздан аяқтары тайып,

әуелі біреуі құлаған. Оны құтқарам деп екіншісі түскен. Мен жүгіре жетіп, суға киіммен күмп бердім. Су аяқ тимейтін терең екенін бірден сездім. Оларды құтқару да едәуір қиындық келтірді. Олар бір-біріне жабысып алған. Тек судың бетінде қолдары ғана шығып батып барады. Дерееу екеуін жағаға қарай сүйрей бастадым, әбден урейленіп, менің өзімді басып жатыр. Сосын судың астымен сүңгіп, екеуін 5-6 рет қатты екпінмен жағаға қарай итердім. Арасында жоғары шығып ауа жұтып алдым. Жағаға жақындағанда сол жерде жүрген жұмысшылар да көмекке келіп, тартып алды. Әбден шаршап бол-

дырсам да бәрі сәтті аяқталғанына қуандым, – дейді Данияр.

Сол жерде қыздарға алғашқы көмек көрсетіліп, барлық қызметтер жиналады. Бір қызығы, екі қыздың да ата-анасы теміржолда қызмет ететін болып шықты. Олар Даниярға зор алғысын білдіріп, қыздарын аман алып қалған теміржолшының бұл ерлігі елеусіз қалмай, марапатқа ұсынылса дейді. Несі бар, бейбіт күннің батыры деп осындай жандарды айтса жарасады. Даниярдың бұл ерлігі теміржол компаниясы тарапынан ерекше бағаланып, ол туралы бейнеролик дайындалмақ.

*Суретті түсірген автор*



### С ОПЕРЕЖЕНИЕМ ПЛАНА

На 50,5% вырос объем контейнерных перевозок по маршруту Китай – Европа – Китай на транзитных сервисах совместного предпринятия железных дорог Казахстана, России и Беларуси АО «ОТЛК ЕРА» в первом полугодии 2021 года.

За январь-июнь текущего года из Китая в Европу и в обратном направлении перевезено 336,5 тысячи ДФЭ. Это в 1,5 раза больше, чем за аналогичный период 2020 года. При этом на 80% выросли перевозки груженых контейнеров в направлении Китая и достигли 116,5 тысячи ДФЭ. Годом ранее за этот период перевезено 64,5 тысячи. В направлении Европы за 6 месяцев с начала года перевезено 200,2 тысячи ДФЭ, или на 42% выше соответствующего показателя 2020 года.

– В прошлом году мы перевезли почти 547 тысяч ДФЭ, что обеспечило нам рост по отношению к 2019 году на 64%, когда было перевезено 333 тысячи ДФЭ. Это, безусловно, рекордные показатели. По базовой версии нашей стратегии развития, этот объем должен был быть достигнут к 2022 году. Но с учетом объективных и субъективных причин мы справились с гораздо большим объемом уже по итогам 2020 года, – рассказал генеральный директор АО «ОТЛК ЕРА» Алексей Гром. – По предварительным итогам 2021 года рассчитываем получить новый рекорд с ростом объема не менее 10-20%, но здесь многое зависит от того, как сработают наши партнеры, как будет взаимодействовать все участники перевозки не только на пространстве колеи 1520, но и колеи 1435. Я думаю, что 20-процентный рост был бы очень хорошей задачей для всех нас.

*Любовь РОББА, Нұр-Сұлтан*

### САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

2021 ЖЫЛДЫҢ АЛТЫ АЙЫНДА ТЕМІР ЖОЛМЕН

**125 940**  
МЫҢ ТОННА

ЖҮК ТАСЫМАЛДАНДЫ

ТЕМІР ЖОЛ ТЕХНИКАСЫН ЖАСАУ САЛАСЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕП ЖАТҚАН ЕКІ ЖҮЗДЕН АСТАМ КӘСІПОРЫН

**12 000**

АДАМДЫ ЕҢБЕКПЕН ҚАМТЫП ОТЫР.

2025 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯ ТОБЫ

**200 000**  
ТОННАДАН

АСТАМ РЕЛЬС САТЫП АЛЫП, ЖОЛҒА КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖҮРГІЗБЕК.

БҮГІНДЕ ЕЛІМІЗДЕГІ ЛОКОМОТИВ ПАРКІНІҢ ТОЗУ ДЕҢГЕЙІ

**68%**

ҚҰРАП ОТЫР.

### Сотрудничество

## УВЕЛИЧИТЬ ПРОПУСКНУЮ СПОСОБНОСТЬ

Количество принимаемых грузовых составов на железнодорожных пунктах пропуска Достык – Алашанькоу планируется увеличить до 18 поездов в сутки.

**Роман ЛЮБИМОВ,**  
Нұр-Сұлтан

Об этом во время видеоконференции, посвященной вопросу функционирования пунктов пропуска на казахстанско-китайской границе в условиях пандемии, договорились заинтересованные госорганы Казахстана и Китая.

Участниками мероприятия стали представители АО «НК «ҚТЖ», министерств финансов, иностранных дел, индустрии и инфраструктурного развития, торговли и интеграции, сельского хозяйства РК, пограничной службы и т. д.

В своем выступлении исполнительный директор по планированию ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» Нуржан Кельбуганов озвучил инициативу по организации на станции Достык перегруза из вагонов широкой колеи в вагоны узкой колеи. Стоит отметить, что эта технологическая схема

согласована с железнодорожной администрацией КНР и позволит увеличить грузопоток и сократить время простоя грузовых составов.

– Мы предлагаем осуществлять перегруз с вагонов узкой колеи в вагоны широкой колеи на китайской стороне и, наоборот, из вагонов широкой колеи в вагоны узкой колеи на казахстанской стороне, – сказал Нуржан Кельбуганов.

Наряду с этим планируется производить перегрузку груза из Казахстана в Китай с перестановкой колесных пар вагонов на колею 1435 мм. Такая практика уже осуществлялась на станции Достык 8-9 лет назад, когда было перевезено более 2,7 миллиона тонн руды.

Нуржан Кельбуганов также проинформировал, что в настоящий момент по станции Достык на узкую колею переставлены 30 полувагонов для осуществления



опытной перевозки. Однако они простаивают из-за неприема Урумчуйской железной дорогой, где действует запрет со стороны контролирующих органов правительства СУАР. Представители СУАР дали причастным контролирующим органам и таможенной службе поручение изучить этот вопрос.

По результатам переговоров, стороны договорились увеличить количество принимаемых грузовых составов на железнодорожных пунктах пропуска Достык – Алашанькоу до 18 поездов в сутки и Алтынколь – Хоргос – до 10 поездов.

*Фото автора*

АО «НК «ҚТЖ» ЭКСПЛУАТИРУЕТ ПАРК ПУТЕВЫХ МАШИН ПРОИЗВОДСТВА РОССИЙСКОЙ ФЕДЕРАЦИИ И ВЕДУЩИХ ЕВРОПЕЙСКИХ СТРАН. НА ПРОТЯЖЕНИИ ПОСЛЕДНИХ ЛЕТ КОМПАНИЯ В ПЛАНОВОМ ПОРЯДКЕ ВЕДЕТ РАБОТУ ПО ОБНОВЛЕНИЮ ПАРКА ПУТЕВЫХ МАШИН, И ДЛЯ ДАЛЬНЕЙШЕГО СОТРУДНИЧЕСТВА МЫ ГОТОВЫ ОБСУДИТЬ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ТЕХНОЛОГИИ СОДЕРЖАНИЯ И ТЕКУЩЕГО РЕМОНТА ПУТИ С ПРИМЕНЕНИЕМ СОВРЕМЕННЫХ ТИПОВ ПУТЕВОЙ ТЕХНИКИ

**Толубай КЕНЖЕБЕКОВ,**  
заместитель директора по эксплуатации филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция магистральной сети»

### НА БЛАГО ПАССАЖИРА



С 29 июня по 6 июля на железнодорожных вокзалах Алматы работала служба поддержки национального перевозчика по вопросам покупки билетов через интернет-ресурсы и мобильное приложение «Билеты ҚТЖ».

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**  
Алматы

Покупка билетов «онлайн» не только экономит время, но и позволяет без лишних потерь сдать их обратно, если планы вдруг поменялись. Функционал услуги точно такой же, как в билетной кассе на вокзале, – пассажир может узнать о наличии проездных документов, выбрать место.

Стоит отметить, что с 2019 года в Казахстане действует усовершенствованная система продажи билетов, которая


контролирует процесс оформления и возврата проездных документов и не позволяет авторизованным пользователям производить переоформление билетов. Как проинформировали в компании, процесс покупки билетов прозрачен, поэтому невозможно совершать противоправные действия, связанные с реализацией билетов.

Работники центрального аппарата АО «Пассажирские перевозки», а также регионального филиала «Южный» провели с посетителями вокзалов Алматы-1

и Алматы-2 консультативную работу, пошагово объяснив порядок действий при использовании данной услуги.

– Покупка билета через приложение эффективна, ведь она исключает необходимость стоять в очереди в кассе за билетом, тем более в период карантина, когда нужно соблюдать ограничения, – говорит менеджер второго уровня функционального направления по организации сервисных услуг АО «Пассажирские перевозки» Алия Кабуллова.

Специалисты отмечают, что предста-



вителям старшего поколения трудно осваивать интернет-услуги, поэтому они по-прежнему занимают очередь в кассе, чего не скажешь о молодых и людях среднего возраста. В большинстве своем они оформляют билеты «онлайн», не выходя из дома или офиса.

– Я очень доволен, что сегодня купил билет до столицы через мобильное приложение, и благодарен железнодорожникам за полезную консультацию в части приобретения электронного проездного документа. Впредь буду пользоваться только этой услугой, – говорит пассажир Нурхат Тоимбетов. Молодой человек скачал приложение и за несколько минут нашел и рассчитал самый удобный для него маршрут. Пользователи приложения также смогут получать справочную информацию о расписании поездов и его изменениях.

Как заверили организаторы акции, в компании все делается для повышения качества обслуживания пассажиров, ну а в конечном итоге оценку предоставленного сервиса всегда даст пассажир.

*Фото автора*

### ТҰРАҚТЫ МӘРТЕБЕГЕ ИЕ

Қытай-Еуропа-Қытай халықаралық теміржол контейнерлік маршрутының белсенді жұмыс істеп жатқанына биыл 10 жыл толып отыр. Осы уақыт ішінде халықаралық байланыстар арқылы Қытайдан Еуропаға және кері қарай 33 мыңдан астам контейнерлік пойыз қатынаған.

Оның 53 пайызы Достық-Алашанькоу және Алтынколь-Қорғас теміржол өткелдерінен өткен. Алғашқы халықаралық контейнерлік пойыз Еуропаға Алашанькоу-Достық шекаралық өткелі арқылы Чунцин станциясынан (ҚХР) 2011 жылғы 19 наурызда жөнелтілген болатын. Пойыз Қытай, Қазақстан, Ресей, Беларусь, Польша және Германияның мемлекеттік шекаралары арқылы 16 күнде 11 мың км астам қашықтықты жүріп өтті. Пойыздың жылдамдығы мерзімнен екі күн бұрын келіп жетті.

Бүгінгі таңда Қазақстан аумағы бойынша контейнерлік маршруттар Қытай-Еуропа, Қытай-Орталық Азия елдері, Қытай-Ресей бағыттары бойынша, сондай-ақ Қазақстан порттары арқылы Кавказ, Парсы шығанағы, Түркия және басқа елдерге жөнелтіледі. Бұл ретте, транзиттік жүктің басым бөлігі өтетін дәстүрлі бағдарды Қытай-Еуропа-Қытай маршруттары құрап отыр. Жүкті жеткізудің оңтайлы мерзімі маршрутқа байланысты 7-ден 16 күнге дейінгі аралықты құрайды. Халықаралық транзит ағыны жылдан-жылға артып келеді. Жаһандық пандемияға және карантиндік шаралардың енгізілуіне қарамастан, транзиттік контейнерлік тасымалдар көлемі 2020 жылы 65% өсіп, 517,5 мың ЖФЭ-ні құрады. Ал пойыздың орташа жылдамдығына келсек, ол тәулігіне 1150 шақырымға жетіп отыр.

*Ислам ТАЛПАТ*

## ASHUQ ҚОСЫМШАСЫ ЕНГІЗІЛДІ

**Жан ПЕРДІБЕК,**  
Шымкент



ЖОБА

Шымкент қаласының теміржол вокзалында 1 шілдеден бастап «Ashuq» мобильді қосымшасы енгізілді. Содан бері кіреберісте әрбір жолаушы Ashuq қосымшасы арқылы өзінің «жасыл» немесе «көк» мәртебесін растауда.

Мұны смартфондағы Kaspi.kz, Homebank, Aitu арқылы немесе вокзал қызметкеріне өзінің ЖСН көрсетуі қажет. Шетелдіктер станциядағы мәртебесін төлқұжат нөмірі бойынша тексере алады. Ал 18 жасқа дейінгі балаларға тексеруден өтудің қажеті жоқ. Сары және қызыл статустағы азаматтар сапарға жөнелтілмейді. Өз мәртебеніңізді алдын ала [www.ashuq.kz](http://www.ashuq.kz) сайтындағы бейтарап QR-код арқылы тексеруге де болады.



Жолаушыларды шығарып салушылар мен күтіп алушылар да енді вокзалға тек «Ashuq» қосымшасы арқылы кіре алады. Мәртебесі «қызыл» азаматтарға 87 510 теңге көлемінде айыппұл салынады. Ал «сары» статустағыларға ескерту беріледі.

Қазіргі таңда вокзалдың кіреберісінде арнайы қызметкерлер отыр. Олар жолаушыларды кірген кезде «Ashuq» бағдарламасы арқылы тексеріп өткізуде.

Айта кетейік, қаланың Бас санитар дәрігерінің қаулысына сәйкес, қызыл және сары статустағыларға билеттердің қайтару ережесі бекітілген. Оларға билет құнының 50 пайызы қайтарылады. Ал бір тәулік бұрын вокзалға кіруге рұқсаты жоқ екенін білгендер билетін сол сәтте қайтарса, ақшасын толығымен ала алады. Мамандар билетті онлайн алуға кеңес береді. Себебі, кері қайтарған жағдайда ақшаңыз сол сәтте түседі. Ал кассадан билет алғандар ақшасын кері қайтару үшін біраз уақыт күтеді.

## АВТОКӨЛІКТЕР ТАБЫС ЕТТІ

**Сұлугүл БАКЕСОВА,**  
Нұр-Сұлтан



СЕРВИС

Жақында «Қамқор Менеджмент» кәсіпорнының бас директоры Диас Сүлейменов «Теміржол жөндеу» ЖШС өндірістік филиалдарының өкілдеріне су жаңа автокөліктердің кілтін табыс етті.

Темір жолдарға күрделі жөндеу жүргізу үшін сатып алынған жол талғамайтын танымал «ГАЗ» маркасының жаңа буын автокөліктері жолаушылар сыйымдылығымен қатар жоғары деңгейлі жайлылықта жүріп тұруымен ерекшеленеді. Бұл көліктер бұрағыш, рельсті кесу, рельсті бұрғылау машиналары, шпалды-балға және тағы басқа да жол шаруашылығына қажетті шағын механизациямен жабдықталған. Осындай артықшылыққа ие көліктер күрделі учаскелерде жолдарға күрделі жөндеу жүргізу жұмысының жағдайын жақсартып, жабдықтарды қолмен тиіп-түсіру жұмыстарын болдырмайды. Автокөліктер Астана, Ақтөбе, Бірлік жол машиналары станциялары мен Шар өндірістік учаскесіне табыс етілді.

Атап өтерлігі, «ҚТЖ» ҰК» АҚ қажеттіліктерін барынша қанағаттандыру және темір жол магистральдарында сапа, сенімділік және қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында «Қамқор Менеджмент» компаниялар тобы тұрақты түрде техникалық жарақтандыруды арттыру, жаңа технологияларды игеру, сондай-ақ, құрылыс және жөндеу техникаларын жаңартуға қомақты қаржы бөліп келеді.

## ЖЕРГІЛІКТІ ПОЙЫЗ ЖҰРСЕ...

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**  
Атырау



БАЗЫНА

Атырау облысының батыс қақпасы саналатын Құрманғазы ауданындағы Ганюшкино станциясы Ресейдің Астрахань облысына жақын орналасқан.

Қазір халықаралық пойыздар тоқтатылуына байланысты станция арқылы жолаушылар пойызы өтпейді. Ал бұрын Атырау-Астрахань, Москва-Душанбе, Москва-Ташкент, Саратов-Ташкент, Волгоград-Ташкент, Москва-Худжанд сынды халықаралық пойыздар жүретін. Дегенмен, 50 орынға шақталған Ганюшкино вокзалы қалыпты жұмыс жасап тұр. Жолаушылар қалаған бағытына билет ала алады. Дегенмен, шалғайдағы бекет халқының айтар назы көп, ауданға қатынау қиын, автожол жөндөліп жатыр, сондықтан халықтың сұранысы Атыраудан Д.Нұрпейісоваға дейін жергілікті жолаушы пойызын жүргізу мәселесі оң шешілісе дейді.



Суретті түсірген автор

## ТОРАПТЫҚ СТАНЦИЯЛАРДА ЖҰМЫС ҚЫЗҒАН



ТАСЫМАЛ

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**  
Семей

Семей ЖТ бөлімшесі бойынша контейнерлік пойыздарды құрастыру мен қабылдап, аттандырып салудағы жұмыстарға баса маңыздылық беріледі. Бұл орайда бөлімшедегі жүк станцияларында әр контейнері 40 тоннаны құрайтын 500-ден аса транзитті пойыздарды іркіліссіз өткізуге болатыны дәлелденген. Сондықтан да жоспарлы шаралар қолға алынған еді. Басты мақсаттардың бірі контейнерлік жылжымалы құрамдардың жылдамдығын азайтпау болып отыр. Осы орайда межелі шаралар толық орындалуда. Мәселен, өткен бес айдың ішінде кестеден кешіктірілмеген 326 контейнерлік пойыздың жылдамдығы 368,7 км/тәулікті қамтыпты. Бұл – нәтижелі көрсеткіш.

Жалпы, жыл басынан бергі 5 айдың ішінде бөлімше бойынша әсіресе қозғалыс шаруашылығында ілкімді жұмыстар жүргізілді. Бірінші кезекте жоспар бойынша қолға алынған шара жүк айналымын арттыру мақсатында вагондардың бос уақытын қысқарту және локомотивтерді ұтымды пайдалануды қалыптастыру болды. Осы себепті әсіресе ірі тораптық станциялардағы маневрлік жұмыстар, жүк пойыздарын құрастыруға

Ел шығысында жүк пойыздарын құрастырып, кезекті рейске аттандыруда жүргізілетін жұмыстарды жүйелендіру үшін жыл басында бірқатар шаралар қабылданған еді. Соның ішінде, вагондарды дер кезінде жинап, ауыр салмақты немесе ұзын жылжымалы құрамдарды бөгелтпей жөнелту бойынша қолға алынған тың тәсілдер тиімділігін дәлелдеді.



**ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРГІ 5 АЙДЫҢ ІШІНДЕ БӨЛІМШЕ БОЙЫНША ӘСІРЕСЕ ҚОЗҒАЛЫС ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ІЛКІМДІ ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛДІ. БІРІНШІ КЕЗЕКТЕ ЖОСПАР БОЙЫНША ҚОЛҒА АЛЫНҒАН ШАРА ЖҮК АЙНАЛЫМЫН АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДА ВАГОНДАРДЫҢ БОС УАҚЫТЫН ҚЫСҚАРТУ ЖӘНЕ ЛОКОМОТИВТЕРДІ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЛДЫ.**

баса мән берілді.

Осы орайда бөлімше бойынша пойыздарды құрастырып, рейске шығаруға кедергі жоқ. Уақытында жинап алынатындықтан вагондар да жеткілікті. Мәселен, бөлімше бойынша осы кезеңге дейін 444 ұзын жылжымалы құрамдар мен 32 аса ауыр салмақты пойыздар жолға шығарылыпты.

Әйтсе де, пойыздарды қабылдап жөнелтуге біршама кедергілер де бар. Мәселен, карантиндік

шектеулерге байланысты Қытай елімен шекарадағы «Достық» станциясында кейбір пойыздар қабылданбаған. Сондай-ақ, жоспардағы 151 рейстік пойыздың орнына 109 пойыз жөнелтіліпті. Бірақ, бұл олқылықтар күзгі жүк тасымалының артуымен қалпына келеді деп күтілуде. Себебі, жазғы мезгілдегі жүк айналымының күрт артып, динамикалық жүктемедегі көрсеткіштердің жоғарылай бастауы осыған дәлел болып отыр.


Сонымен қатар, бұл шаралардың сыртында локомотивтердің өнімділігі мен телімдік жылдамдығын да артуы байқалады. Дегенмен алдағы уақыттарда күш салу қажет мәселелер жетерлік. Мәселен, техникалық жылдамдықты әлі де арттыра түсу, пойыздардың жол жүру жылдамдығына мүмкіндігінше шектеу қоймау шаралары межеленіп отыр. Қалай болған күнде де бөлімшедегі қозғалыс саласында өндіріс барысын ұлғайтуға күш салынауда.

Қазіргі күндері семейлік теміржолшылар жыл аяғына дейінгі орындалуы тиіс межелі шараларды қабылдап, жүзеге асыруға қызу кірісуде. Атап айтсақ, эксплуатациялық жұмыстар бойынша өткен 5 айдың ішінде толық орындалмаған көрсеткіштермен шындап жұмыс жасау қажеттілігі туындап отыр. Аталмыш тарапта кешенді жұмыс жүргізу керек. Жоспарлы іс-шаралар қатары қазіргі күннен бастап пысықталуда. Соның бірі ретінде, жергілікті Қаражыра көмір кенішінен тасымалданатын қатты отын көлемін 9 мың тоннаға жеткізу көзделіп отыр.

Осылайша, контейнерлік пойыздарды іркіліссіз өткізу мен ауыр салмақты жылжымалы құрамдарды жолға шығару мақсатында тораптық станциялардағы өндіріс бойынша технологиялық процестерге баса мән беріледі.

Суретті түсірген автор

## БІЛІМГЕ ШЕК ЖОҚ



ТЕХСАБАҚ

**«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ филиалы – Жамбыл бөлімшесі қызметкерлерін техникалық оқыту белгіленген кестеге сай жүріп жатыр. Өңірдегі ведомствоның қауіпсіздік бөлімі басшысы Сұлтанмұрат Тоқтанаевтың айтуынша, білімге шек жоқ, техникалық сабақтар айына екі рет ұйымдастырылады.**

**Асхат РАЙҚҰЛ,**  
Жамбыл облысы

«Сабақты өткізу жоспарлары мен оқытылатын тақырыптар 2019 жылғы бұйрыққа сәйкес бекітіледі, биылғы сәуірдегі бұйрық қосымша ескеріледі. Техникалық сабақтарда қалыптасқан жағдайды назарға ала отырып, «іскерлік ойын» жолымен стандартты емес ахуалдар зерделенеді. Сондай-ақ қызметкерлерді шартты түрде түрлі рөлдерде әрекет еткізіп, оқу бейнефильмдері көрсетіледі. «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның қолданыстағы актілері мен басқа да жергілікті құжаттарды зерделеу әдісі де

қолданылады», – деп атап өтті ол.

Биыл да қызметкерлердің санаттары бойынша техникалық оқу жүргізудің жылдық және тоқсандық жоспарлары талапқа сай жасалған. Жыл басынан бері Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесінде және оның құрылымдық мекемелерінде 226 техникалық сабақ өтіпті. Оларға 15 962 қызметкер қатысып, білімдерін шындаған. Оның ішінде 57 станция мен 3 құрылымдық бөлімшенің мамандары бар.

«Сабаққа қатысушылардың қатарында станция жетекшілері мен қызметкерлері, орталықтандыру бекеттерінің операторлары, пойыз құрастырушылар, деполар

мен дистанция жұмысшылары, жүк пен багажды қабылдап-тапсырушылар, вагон қараушылар, машинистер, машинистердің көмекшілері бар. Биылдыққа бөлімшенің өндірістік оқыту нұсқаушысы учаскелерде техникалық сабақтар өткізу үшін қайталай отырып, 40 рет желіге шығып қайтты. Сабақтар жол дистанциясы, сигнализация және байланыс, электрмен жабдықтау дистанциялары, өрт сөндіру пойыздары мен вагон шаруашылығы мамандарының қатысуымен өткізілді», – деген Сұлтанмұрат Аликұлы 40 техникалық сабақпен 57 станция қамтылғанын да мәлімдеді. Барлығы 350 қызметкер тартылған.

Филиал қызметкерлерін оқыту теория және практика әдістерімен жүргізіледі. Бұл әдістер өз жемісін берсе де, көптеген жұмысшылар өздігінен дайындықпен айналыспайтындықтан, кейде нәтижесі көріне бермейді екен.

«Сол себептен біз қызметкерлерді өзін-өзі дайындауға және жетілдіруге шақырамыз. Осы бағытта ынталандыру шараларын да жасап келеміз. Жеке тақырыптарды, яғни жұмыстағы стандартты емес жағдайларды оқыту бейнефильмдері немесе мультимедиялық фильмдер арқылы ашамыз. Техникалық сабақтарда стандартты емес жағдайды және қызметкерлердің рөлдер бойынша әрекеттерін нақтылап, «іскерлік ойын» арқылы да зерттеу әдісі қолданылады», – деді бөлім басшысы.

## Рейд

## ҚАУІПСІЗДІК – ОРТАҚ МҮДДЕ

**Жуырда Әскерлендірілген темір жол күзетінің ұйымдастыруымен Қызылорда станциясы мен жол дистанциясы, жергілікті желілік полиция бөлімі қызметкерлері бірігіп кезекті қауіпсіздік рейдін өткізді.**

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**  
Қызылорда

Жылжымалы құрамдар, жалпы теміржолда қауіпсіздікті қамтамасыз ету – аймақтағы барлық мекемелердің ортақ мүддесі.

– Жасөспірімдер арасындағы қылмыстық бейімділіктің алдын алып ескерту, олардың түнгі мезгілде ересектердің бақылауынсыз жүрмеуін бақылау, балалардың жарақат алу, жазатайым оқиғаға ұшырауын болдырмау, вагон терезесіне тас ату секілді зиянды әрекетке әуестенудің жолын кесу мақсатында салалық мекемелер теміржолшыларының бірлескен рейдін өткізді. Рейд кезінде ҚР ІІМ мүлкісті қорғау жөніндегі 2021-23 жылдарға арналған бағдарламасын жүзеге асыру шаралары жүргізіліп, түсіндіру жұмыстары

жасалды. Теміржолдың қауіпті аймақ екені тағы ескерілді, – деді Әскерлендірілген теміржол күзетінің маманы Жандос Тарманов.

Рейд барысында бөгде адамдардың теміржолды белгіленбеген жерден қиып өтуі жыл басынан бері 28 рет орын алғаны, иесіз малдың рельске шығып кетуінен тепловоз машинистерінің 12 рет шұғыл тежегіш қолданғаны секілді мысалдар келтіріліп, тұрғындарға темір жол маңына жақындағаннан аса сақ болуы, оны тек арнайы белгіленген жерден кесіп өту керектігі қатаң ескерілді. Рейд мүшелерінің ескертуіне қылақ асқан тұрғындар өз ұсыныс-пікірлерін де білдірді.

– Қаланы екіге бөліп жатқан теміржол желісі, шындында, аса қауіпті. Қаланың солтүстік шығысындағы тұрғындар осы теміржол желісін не көлікпен немесе жаяу кесіп өтуге мәжбүр. Кейде



желі бойындағы өткелдер ұзын сонар кезекке айналады, ондай кезде асыққан көлік иелері мен жаяу жүргіншілер келе жатқан пойыздан бұрын үлгеріп өтіп кетемін деп асығыстық жасап, келеңсіз жағдайға тап болатыны рас. Ондай жағдайдың алдын алу үшін сақтық бәрімізге керек, – деген жергілікті тұрғын А.Нұржанов қазіргі кезде көлік құралдарының көбеюінен кезінде Жанқожа батыр көшесі мен Шұғыла ауданында жабылған ескі өткелдердің ашылуын және жаңадан көпір салынуын сұраған тұрғындар сауалы жауапсыз қалғанын жеткізді. Құзыры органдар құрылыстың сметалық-жобалық құжаттары жасалуда, құрылыс қаржыға қатысты тоқталып тұр деген уағ айтты, одан не пайда, келеңсіз жағдайлар қайталануда деседі жергілікті халық.

Суретті түсірген автор

## НА ЗАЩИТЕ ИНТЕРЕСОВ РАБОТНИКОВ



СОЦИУМ

**Ермек СМАГУЛОВ,**  
Нур-Султан

Во время встречи поднимались вопросы, связанные с увеличением зарплат, экологическими выплатами, оплатой сверхурочных работ, снижением пенсионного возраста. Так, отмечалось, что в связи с присвоением Шымкенту статуса города республиканского значения заработная плата работникам железнодорожного узла станции Шымкент рассчитывается с применением тарифной сетки уровня городов Алматы и Нур-Султана. Таким образом, зарплата работников Шымкентского региона с 1 января 2021 года выросла на 25%.

АО «НК «ҚТЖ» на постоянной основе уделяет особое внимание вопросам повышения благосостояния работников и улучшения условий труда. Для обеспечения социальной поддержки работников и соблюдения норм трудового законодательства в компании действует Коллективный договор. Документ обеспечивает реализацию основных направлений социальной политики, льгот и гарантий работникам ҚТЖ.

Ежегодно в рамках исполнения обязательств по Коллективному договору принимаются меры по повышению уровня заработной платы.

– В декабре 2020 года создана специальная комиссия, в состав которой вошли представители министерств индустрии и инфраструктурного развития РК, труда и социальной защиты населения РК, Комитета по регулированию естественных монополий, АО «НК «ҚТЖ», Профсоюза и рабочих коллективов, – отметила главный менеджер департамента управления человеческими ресурсами АО «НК «ҚТЖ» Акмарал Байгабулова. – В рамках работы комиссии изменены правила оплаты труда и премирования работников линейных филиалов, которые были введены в действие с 1 апреля 2021 года. Исключен минимальный уровень оплаты в рамках одного разряда. Тарифные сетки с минимальным региональным коэффициентом изменены на более высокий региональный коэффициент.

Кроме того, внедрено ежемесячное премирование для монтеров и бригадиров пути с применением коэффициента

трудоустройства (КТУ) в размере 20% от оклада (тарифной ставки).

Также в январе 2021 года выплачена внеплановая разовая премия по итогам 2020 года в размере 1 МРЗП всем работникам компании и произведена индексация должностных окладов работников на 10%.

В полном объеме исполняются требования Коллективного договора касательно работы на открытом воздухе. Производится повышение на 15% окладов при очень высокой или низкой температуре воздуха. Для возмещения расходов сотрудников, постоянная работа которых протекает в пути или имеет разъездной характер, в пределах обслуживаемых ими участков, выплачивается надбавка. При выезде за пределы обслуживаемых участков выплачиваются командировочные расходы. А при выходе на работу в выходные и праздничные дни в соответствии с действующим Коллективным договором предоставляется отгул либо производится оплата в двойном размере.

С 2020 года в компании действует Программа раннего выхода на пенсию. По ней работники, которым до достижения пенсионного возраста осталось 5 или менее лет, могут претендовать на ранний выход на пенсию. Условия отправки на ранний выход на пенсию определены внутренними актами АО «НК «ҚТЖ».

Компания продолжает работу по материальному стимулированию и социальной защите своих работников.

## ГАРАНТИЯ НАДЕЖНОСТИ



БЕЗОПАСНОСТЬ

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**  
Алматинская область

Шелекские энергетики заблаговременно готовятся к осенне-зимнему периоду, гарантируя бесперебойное и надежное электроснабжение объектов железнодорожного транспорта.

– Несмотря на внешние факторы в период карантина, связанного с коронавирусной инфекцией, наша дистанция работает в обычном режиме. Чтобы не было сбоев и выхода из строя оборудования, упор делается на профилактику и обеспечение работоспособности устройств электроснабжения на объектах железнодорожной инфраструктуры, которые являются стратегически важными для экономики региона, – отмечает начальник Шелекской дистанции электроснабжения Ахан Бижанов.

На данный момент произведены ремонт и ревизия 7 линейных разъединителей и 7 трансформаторов. Усилена изоляция продольной линии электроснабжения, проведена замена траверса высоковольтных линий автоблокировки и продольного электроснабжения. Кроме того, в рамках плана мероприятий

заменено 4 трансформатора ОМП-10/10 кВА на участках Жетыген – Жоламан и Жоламан – Копр.

На участке Алтынколь – Шарын установлено 48 светильников для освещения перронов и станционных путей, на перегоне Шарын – Жетыген – 42 светильника. На

**ШЕЛЕКСКИЕ ЭНЕРГЕТИКИ ЗАБЛАГОВРЕМЕННО ГОТОВЯТСЯ К ОСЕННЕ-ЗИМНЕМУ ПЕРИОДУ, ГАРАНТИРУЯ БЕСПЕРЕБОЙНОЕ И НАДЕЖНОЕ ЭЛЕКТРОСНАБЖЕНИЕ ОБЪЕКТОВ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО ТРАНСПОРТА.**

мосту Капчагай перегона Капчагай – Илийск специалисты установили 22 лампы и 35 светильников для освещения.

Стоит напомнить, что Капчагайский мост имеет стратегическое значение и требует к себе пристального внимания и качественного обслуживания, и шелекские специалисты с этой задачей справляются на «отлично».

К слову, Шелекская дистанция электроснабжения – развитое предприятие региона, и в



качестве работы специалистов сомневаться не приходится, здесь налажена культура производства и соблюдаются корпоративные ценности компании БЛАГО. И неудивительно, что с начала своего существования дистанцией не допущено ни одного нарушения безопасности движения и не было случаев брака и затруднений.

С работниками проводятся занятия по отработке навыков и ликвидации поврежденных в сложных метеорологических условиях (понижение температуры, усиление ветра и гололед). Наряду с этим в дистанции ведется целенаправленная работа по усилению устройств электроснабжения, внедрению новой техники и прогрессивных технологий.

Фото автора

## ТОТАЛЬНЫЙ КОНТРОЛЬ



АНТИКОРРУПЦИЯ

**Аслан КУДАБАЕВ,**  
Костанай

В совещании приняли участие руководство и главные инженеры филиала ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП», филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Костанайское отделение магистральной сети», Костанайской транспортной прокуратуры, а также заместители директоров филиалов.

Заместитель директора филиала ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» Ерден Аманов открывая совещание сообщил, что в настоящее время одним из приоритетных направлений, обозначенных Главой государства Касым-Жомартом Токаевым в Послании народу Казахстана, является борьба с коррупцией. ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки», поддерживая антикорруп-



ционную политику нашего государства, также проводит работу, направленную на искоренение причин появления коррупции. Не последнюю роль играет работа в трудовых коллективах, где до сведения работников доводятся нормы антикоррупционного законодательства РК.

– Предлагаю на совещания НОДГП-2 на постоянной основе приглашать представителей Костанайской транспортной

прокуратуры для проведения разъяснительной работы по противодействию коррупции, – сказал Ерден Аманов.

В свою очередь, старший прокурор Костанайской транспортной прокуратуры Шамрат Акыбаев подробно разъяснил собравшимся новшества, которые были внесены в антикоррупционное законодательство.

– Могу с уверенностью заявить, что с принятием данного закона в

Казахстане наступает новый этап противодействия коррупции, – отметил он. – Впервые в истории независимого Казахстана на законодательном уровне закреплена ответственность руководителей за своих подчиненных. Антикоррупционная служба как уполномоченный орган будет активно поднимать эти вопросы, беспокоить госорганы, инициировать рассмотрение ответственности руководителей. Их задача – заставить руководителей не на словах, а на деле заниматься профилактикой и предупреждением коррупции в своих коллективах.

Также в ходе совещания участники приняли следующие решения: руководителям и работникам подразделений линейного уровня филиалов, станций, депо, оказывать максимальное содействие уполномоченным органам по вопросам противодействия коррупции на железнодорожном транспорте. О любых фактах совершения коррупционных правонарушений, ставших известными в результате осуществления своих должностных обязанностей, работники филиала должны незамедлительно сообщать первому заместителю директора филиала, представителям проектного офиса «Адал жол» и по номеру 1424 в call-центр Агентства РК по противодействию коррупции.

Фото автора

## ТРИММЕРЫ В ПОМОЩЬ



**Айдана ЕРТАЙ,**  
Екибастуз



ТРАВБОРЬБА

**В этом году сорных растений на путях стало больше, чем в предыдущие. И это несмотря на засушливое лето. Самый разгар травоборьбы начнется в середине июля. Об этом сообщили на станции Екибастуз.**

Екибастузская дистанция пути составила план по еженедельной прополке травы. В конце недели проводится мониторинг травоборьбы, в ходе которого принимаются решения по проблемам санитарной чистоты. На сегодня выполнено порядка 30% работ по удалению сорняков.

– Перед выходом на прополку железнодорожники проходят инструктаж, после дистанция пути выделяет сигнальщика для обеспечения безопасности. Кроме дико растущих растений сотрудники станции убирают мусор на путях, – рассказывает главный инженер станции Екибастуз Владимир Тренбач. – Сейчас фронт работы небольшой, разгар борьбы с травой начнется в середине июля. Удивительно то, что этим летом ее стало больше, если сравнить с прошлыми периодами. Уже в мае пути были покрыты сорняками, хотя лето стоит засушливое.

Сегодня на травоборьбу выходят по три человека, включая сигнальщика, но в разгар сезона их число увеличится. Прополка осуществляется с помощью триммеров. Особое внимание уделяется замечаниям машинистов, которые в пути следования выявляют участки с густорастущей травой.

## ПОСЛЕДСТВИЯ БЕСПЕЧНОСТИ



**Светлана МОГАЙ,**  
Караганда



ПРОФИЛАКТИКА

**За последние полтора года в Карагандинской области на железной дороге зарегистрировано несколько несчастных случаев.**

В связи с этим железнодорожники совместно с полицейскими и представителями акимата проводят профилактические мероприятия среди жителей расположенных рядом со стальной магистралью населенных пунктов.

Как отметил главный ревизор департамента безопасности движения АО «НК «ҚТЖ» по Карагандинскому участку Булатбек Альмураев, достаточно привести статистику по несчастным случаям, чтобы показать, что железная дорога не место для прогулок и забав.

В феврале текущего года на станции Караганда-Сортировочная произошел наезд подвижного состава на 19-летнего парня. В этот момент на узле производился пропуск вагонов с сортировочной горки.

– Наезд произошел при следовании подвижного состава со спускной части сортировочной горки, – рассказывает Булатбек Альмураев. – Причиной травматического случая стало грубое нарушение пострадавшим правил нахождения граждан в зоне повышенной опасности, а также переход через пути в неустановленном месте.

Два месяца назад на станции Большая Михайловка произошел еще один несчастный случай. Двое 14-летних подростков получили удар током после того, как решили пролезть под поездом, чтобы сократить путь. В результате оба школьника получили сильные ожоги с поражением внутренних органов.

Неумение правильно вести себя в зоне повышенной опасности, желание сократить дорогу, излишняя поспешность, невнимательность при переходе путей, нахождение вблизи идущих составов зачастую приводит к трагическим последствиям. Эта тема особенно актуальна в период летних каникул.

– В настоящее время железнодорожники, работники акимата и ЛЮВД проводят разъяснительную работу среди взрослого населения и школьников по соблюдению правил безопасности вблизи железнодорожного полотна, перехода путей только в установленных местах.

## СРАБОТАЛИ УСПЕШНО



**Роман ЛЮБИМОВ,**  
Нур-Султан



УЧЕНИЯ

**Условный разлив нефти ликвидировали в акватории морского порта Актау.**

По легенде, у причала №99 порта Актау во время бункеровки ПБУ «Caspian Explorer» произошел аварийный разлив нефти с площадью загрязнения около 250 квадратных метров. Затем в результате короткого замыкания на буровой установке загорелся электрокабель.

Чтобы не допустить распространения нефтепродуктов в море, условная группа ликвидации на маломерных судах осуществила транспортировку и быстрое разгерметизирование полного ограждения судна по периметру.

По итогам учений специальная комиссия отметила, что отработка практических навыков экипажей судов и персонала подразделений морского порта по ликвидации аварийных разливов нефти в акватории порта прошла успешно, поставленные задачи выполнены.

Центральный совет ветеранов и Совет ветеранов центрального аппарата АО «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» глубоко скорбит и выражают искренние соболезнования председателю регионального Совета ветеранов филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Алматынское отделение магистральной сети», Почетному железнодорожнику, ветерану труда Шормакову Бейсену Есимовичу, его родным и близким в связи с невосполнимой утратой – кончиной супруги Шормаковой Ляйли Ахмедьярвны

№51 (2659) 09/07/2021

## ТЕМІРЖОЛШЫЛАР ҚАТАРЫ ТОЛЫҚТЫ



**Батыс өңірдегі теміржолшылар даярлайтын білім ордасы – Ақтөбе көлік, коммуникация және жаңа технология колледжінің бір топ түлектері жергілікті теміржолшылар қатарын толықтырды.**

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**  
Ақтөбе

2020-2021 оқу жылын тоғыз мамандық бойынша бітірген 388 түлектің жартысынан астамы аймақта түрлі мекемелерге жұмысқа орналасқан. Студенттердің инновациялық технология бағытымен кәсіби бағытта білім алуына, оқытудың жаңа технологияларын үйретуге бағытталған заманауи жаңа қондырғылармен жабдықталған 49 оқу кабинеті, 9 шеберхана, 8 компьютерлік кабинет, 15 зертханалық, шет тіліне арналған 2 лингафондық, 1 оқу-әдістемелік кабинеті, 1 баспахана, 1 оқу полигоны, спорт залдар мен конференциялық залдар бар.

Колледжде мамандарды даярлау әлеуметтік серіктестік қатынастағы кәсіпорындардың белсене араласуымен жүргізіліп келеді. Бүгінгі күні колледж студенттердің теориялық білімін тәжірибемен ұштастыру мақсатында 23 мекемені келісім-шарт жасасқан. Олардың қатарында «Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі мен оған қарасты Ақтөбе



жол дистанциясы, Ақтөбе белгі беру және байланыс, электрмен жабдықтау дистанциялары, «Қамқор Локомотив» ЖШС филиалы – Ақтөбе локомотив жөндеу депосы, «Транстелеком» филиалы, Батыс аймақтық «Лизинг-Ақтөбе» филиалы, «Жолаушылар тасымалы» АҚ жергілікті филиалы, тағы басқа мекемелер бар.

Колледжде дуалды оқыту жүйесі 2012-2013 оқу жылынан бастап «Темір жол жылжымалы құрамдарын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету», «Теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару», «Темір жол көлігіндегі автоматика, телемеханика және қозғалысты басқа-

ру» мамандықтары бойынша оқу процесіне енгізілді. Студенттердің мекемелерде тәжірибе алмасуына толық мүмкіндіктер туды. Мұның бәрі, сөзсіз, білім беру деңгейінің артуына әсерін тигізді. Жаңа инновациялық технологиялар мен жан-жақты жаңа бағдарламалардың оқу процесіне енгізілуі мамандар дайындауда жоғары нәтижелер беруде.

Ақтөбе теміржол колледжі 1932 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Осы жылдар ішінде теміржолдың әр саласы бойынша 40000-нан астам маман дайындауды ұшырған. Колледж 3 оқу ғимаратымен, 2 студенттер жатақханасымен қамтылған.

*Суретті түсірген автор*

## СФОРМИРОВАЛИ ИММУНИТЕТ



**На сегодняшний день благодаря активному участию в прививочной кампании 13 филиалов АО «КТЖ» достигли коллективного иммунитета от коронавируса.**

**Махаббат НЕГЕМБАЕВА,**  
Нұр-Сұлтан

Только за последнюю неделю необходимый уровень иммунитета к заболеванию сформировали четыре коллектива филиалов АО «НК «КТЖ» – это Жамбылское отделение магистральной сети, Алматинская дистан-

ция защитных лесонасаждений, Мостовой отряд Капшагай и Центр диагностики пути. В целом по группе компании на сегодняшний день вакцинировано более 64 тысяч человек. Самыми активными регионами по вакцинации по-прежнему остаются Кокшетау, Кызылорда, Шымкент, Тараз и Илецк.

## ПРИВИВОЧНАЯ КАМПАНИЯ ПРОДОЛЖАЕТСЯ

**В Павлодарском отделении ГП прививку от коронавирусной инфекции получили 1 866 человек, включая железнодорожников Аксу и Екибастуза. Это 54,2% сотрудников стальной магистрали региона.**

**Жанара ЖУСУПОВА,**  
Павлодар

Как рассказали в отделении ГП, 9 июня по всем станциям начал курсировать медицинский поезд, который предлагает вакцинироваться всем желающим. С врачами выезжают и первые руководители филиала. Поезд побывал в Кулунде, Дегелене, Ерейментау. 30 июня была вторая поездка.

Сейчас вакцину среди административно-управленческого персонала получили 53 работника, производственного – 1 782. Это

половина коллектива. Многие уже получили второй компонент. Некоторые железнодорожники вакцинируются в поликлиниках по месту прописки. Цифры каждый день меняются, рассказали в отделе кадров. Жалоб на плохое самочувствие от железнодорожников не поступало.

*Фото автора*



## ЛУЧШИЕ ПО ИТОГАМ ОСМОТРА



**Коллектив и руководство ПТО станции Риддер Оскеменского эксплуатационного вагонного депо (ВЧД-24) получили почетную грамоту за образцовое содержание рабочих мест и качественную подготовку к летним перевозкам.**

**Ольга УШАКОВА,**  
Усть-Каменогорск

Грамота подписана директором Семейского отделения грузовых перевозок Съезбеком Алишевым и председателем профкома по узлу станции Оскемен-1 Берикханом Тлеужановым. Вручил награду и подарок мастеру ПТО Риддера Азамату Шарипову начальник Оскеменского эксплуатационного вагонного депо Ераст Хасенов.

Так вагонников поощрили по итогам весеннего комиссионного осмотра, который в Семейском отделении грузовых перевозок проходил в апреле-мае текущего года.

– Комиссия проверяла содержание рабочих мест, побелку/покраску, уборку территории, благоустройство – полностью все мероприятия по выходу из зимы, – говорит Азамат Шарипов. – У нас на ПТО работают 18 осмотровиков-вагонников, и столь высокая награда – это заслуга всего коллектива. Они же все это делают – красят, белят, убирают.

ПТО станции Риддер стало единственным из всех пунктов технического осмотра вагонов Семейского отделения грузовых перевозок, которое получило такую награду.

– В Оскеменском эксплуатационном вагонном депо шесть ПТО, четыре КПТО, плюс еще несколько пунктов



техосмотра вагонов находятся в Семейском регионе – Семей, Аягозе, Жангизтобе, Дегелене, Шаре, Ауыле, а отличные награды – говорит инженер-технолог ВЧД-24 Эльмира Капарова.

По словам Азамата Шарипова, коллектив очень рад полученной награде.

– Мы готовились больше месяца, с марта, как снег растаял. Работы много было, поэтому приятно, что нас отметили, – заключил он.

*Фото Эльмиры КАПАРОВОЙ*

## ДЕННИң САУЛЫҒЫ – САҚТЫҚТА



**Кызылорда ЖТ бөлімшесінің теміржолшылары әлемді жайлаған пандемиялық індеттен сақтану үшін ұжымдық иммунитетті қалыптастыруға жақын.**

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**  
Кызылорда

Аймақтағы әрбір салалық мекемеде арнайы мамандардан құралған топ түсіндіру жұмыстарын жүргізу өз нәтижесін беріп, еке алушылар қатары күрт өсті.

Шілде айына дейін бөлімше теміржолшыларының 70 пайызға жуығы еке алып, ұжымдық иммунитетті қалыптастыруға атсалысты. Кадр бөлімінің басшысы Жанар Ибрагимова теміржолшылар үшін еке қабылдауға барлық жағдай жасалып

отырғанын жеткізді. – Шілде айына дейін бөлімше теміржолшыларының 67,3 пайызы Covid-19 пандемиясына қарсы еке салдырып, ұжымдық иммунитетті қалыптастыруға үлес қосты.

Осы кезге дейін Ұлттық компания бойынша вакцина салдырып денсаулықты сақтау жұмыстары бойынша алдыңғы қатардан көрінген біздің бөлімшеге ҚТЖ басшылығы тарапынан алғыс хат берілді. Саулықты сақтықта екенін ұғынған теміржолшылар қатары көбейіп отырғаны бізді қуантады, – деді Жанар Ибрагимова.

## МЕДИЦИНА МАМАНДАРЫ КЕҢЕС БЕРДІ



**Жуырда маңғыстаулық теміржолшылар медицина мамандарымен кездесіп, көкейдегі сан түрлі сұраққа жауап тапты. Кездесу әлемді жайлаған covid-19 індетіне қарсы еке туралы болды.**

**Шахида ЖҰМАН,**  
Маңғыстау



Қауіпті індетке қарсы еке жүргізу бойынша еңбек ұжымдарына түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатында құрылған Мұнайлы аудандық ақпараттық насихат тобының өкілдері шілде айының бірінші күнінен бастап теміржол мекемелерін аралауға кірісті. Бас-аяғы он еңбек ұжымында болып, теміржолшылармен жолығып, вакцина алудың маңыздылығын түсіндірген олар көпшіліктің сан алуан сұрақтарына да жауап берді. Жылы Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесінде басталып, әскерлендірілген теміржол күзетінде аяқталды.

– Жиналыстарда бас санитар дәрігердің қаулысы түсіндіріліп, осы жөнінде түсіндіру, ақпарат жұмыстары жүргізілді. Көбінің білгісі келетіні – кімге егуге болады, кімге болмайды. Қорқынышты сеілітіп, еке мәселесінің анық-қанығы жайлы толық мағлұмат берілді. Егуге болмайтын топтағылар туралы таныстырдық. Ондай денсаулығында ақау бар адам дәрігерге қаралып, қорытындысын көрсетуі керек. Аталған нәтижені емханада бірнеше маманнан тұратын комиссия шығарады. Мұны мекеме басшылары да білгені абзал. Себебі 15 шілдеден кейін еңбек ұжымдарына мониторинг топтар бақылауға шығады. Егер сол кезде еш себепсіз еке алмаған адам жұмыста жүрсе, ол үшін басшысына айыппұл салынады, – дейді Мұнайлы ауданы бойынша санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысы Ботагөз Исаева.

Айта кетсек, еке алу қарқыны түбек теміржолшылары арасында күннен күнге артуда. Мәселен жүк тасымалы бөлімшесі бойынша мамыр айының соңында, яғни 28 мамырда 476 болса, 7 шілдеде ол 1172 адамға жетті немесе 60.9 пайызды құрады.

*Суретті түсірген автор*

## ТУР С ВОСХОЖДЕНИЕМ



**Сотрудники филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» совершили спортивно-оздоровительный тур в одном из красивейших уголков Казахстана – городе Каркаралинске.**

**Светлана МОГАЙ,**  
Караганда

По словам инструктора по спорту Мадета Абикиена, в программу мероприятия входили пешие прогулки с восхождением на гору Багалы тауы. Самые выносливые спортсмены взбирались на нее энергичным шагом, одновременно любуясь красотой окружающей природы.

– Железнодорожники смогли преодолеть препятствия и добраться до пика горы. К тому же они имели возможность поплавать в чистейшем озере Шайтанколь, – рассказывает Мадет Абикен. – Само по себе озеро небольшое, в длину 60 метров, а в ширину – 40.

Спортивно-оздоровительный тур железнодорожники совместили с посещением исторических мест – мечети Кунанбая Хаджи, построенной



в XIX веке на средства Кунанбая Ускенбаева – отца казахского поэта Абая Кунанбаева. Одна из старейших казахских мечетей строилась в 1849-1853 годах. Кроме того, они посетили памятник Кунанбая и юного Абая. Автор скульптурной композиции – Сакен Даулетбаев. По его замыслу, памятник отражает момент, когда отец встречает сына, который возвращался из медресе домой. Также побывали на могиле знаменитого

певца и композитора Батыра Мади Бапиулы, воспевавшего в своих произведениях свободу, силу духа и славные традиции казахского народа.

Особенно железнодорожникам запомнилось посещение комплекса «Три пещеры», расположенного на территории национального парка. Неподалеку от него находятся скалы, в которых когда-то находились пещеры первобытных людей.

Во время перерыва железнодорожники имели возможность поиграть на дөмбре и исполнить юны великих казахских композиторов, пообщаться и обсудить текущие корпоративные дела.

– Спортивно-оздоровительный тур в очередной раз показал, что работники Карагандинского отделения ГП обладают упорством, трудолюбием и амбициозностью. Они всегда с достоинством преодолевают все сложности и препятствия на своем пути, – резюмировал Мадет Абикен.

*Фото автора*

**ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ**  
Бас редактор  
**Дина Муздубаева**  
Бас редактордың орынбасары  
**Меруерт Өмірзақова**

**Газет басылатын қалалар:**  
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30  
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Ақтөбе, Смағұл көш., 9/2.  
«Хабар-Сервис» ЖШС  
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.  
«ERNUR Print» ЖШС

**Басылымның таралымы 20 000**

**Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.**

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстан салалық теміржол»

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдел басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

**Кезекші редакторлар:**  
Л. Ровба, Р. Рахметова

**Меншікті тілшілер:**  
**Алматы:** Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80  
**Атырау:** Қосым Мұқашев 8-778-946-09-66  
**Шымкент:** Жаная Сындыбай 8-707-390-17-18  
**Шығыс Қазақстан:** Ольга Ушакова 8-777-203-51-87  
**Жамбыл:** Асқат Райқұлов 8-700-330-01-53  
**Маңғыстау:** Шахида Жұманова 8-707-886-72-45  
**Орал:** Анна Панищева 8-707-910-74-17  
**Қызылорда:** Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59  
**Семей:** Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53  
**Қарағанды:** Светлана Могой 8-777-893-66-76  
**Қостанай:** Аслан Кудабаяв 8-705-267-44-00  
**Павлодар:** Айдаң Ертай 8-747-535-21-58  
**Ақтөбе:** Ардақ Ерубаява 8-702-843-27-97  
**Көкшетау:** Надежда Новыцкая 8-701-854-38-27

Редакцияның мекен-жайы:  
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.

**Газетті тарату жөніндегі менеджер**  
**Асель Распаева,**  
тел.: 8 775 198 15 61,  
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.